

## АЛЛАҒ ПЕН ОНЫҢ ҚҰЛЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ОН ТОСҚАУЫЛ

Аса қамқор , ерекше мейірімді Аллаһтың атыменен бастаймын .  
Барша мақтау бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән . Және пайғамбарлардың соңы болған Мухаммедке Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын .

**Бірінші тосқауыл:** Аллаһ жайында білімнің жоқтығы .

Яғни , Аллаһ-Тағаланы танымау . Кім Аллаһ-Тағаланы таныса Оны сөзсіз сүйеді . Аллаһты сүймеген адам - Оны мүлдем танымаған адам . Расында Аллаһты танымаған адам Оны шынайы сүйе алмайды . Сондықтан Аллаһтың елшісі (ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрсеткен сүннет жолының үстінде болған мұсылмандар әркез ілім іздеу үстінде болады . Себебі , сенің Аллаһ жайында білімің артып , Оны таныған сайын , Оған-деген махаббатың да арта түседі .

Көркем сөзбен Аллаһтың дініне уағыздап шақырушы болған Шұғайып пайғамбар ғалайһиссалам өз қауымына :

**"Раббыларыңнан (істеген күнә-кемшіліктерін үшін) жарылқау-кешірім өтініңдер , кейін Оған шынайы тәубе жасаңдар . Расында менің Раббым (тәубе етушілерге) ерекше мейірімді , (және оларды)өте сүйөші "** . (һуд сүресі , 90-шы аят)

Және Ұлы Раббың Құранда былай-деп , айтады :

**"Шынында , сондай иман келтірген және салихалы амал жасаушы пенделері үшін,рахмет егесі болған Аллаһ (сүйікті құлдары мен періштелерінің жүрегіне) махаббат орнатады"** .( Мариям сүресі,96-шы аят)

Аллаһ жайында білімнің жоқтығы- ірі тосқауыл.Өзің білетіндей кісі танымайтын нәрсесін оңай дұшпан тұта салады . Және ақиқатта Аллаһты танымайтын пенделер Оған күнәһар болып харам істерге түсіп жүреді.Сонымен қатар Аллаһты танымайтындар жын-шайтандардың жетегіне түсіп , соларға сиынып кетіп жатады . Сол үшін Аллаһ-Тағала әуелі білімге үндеді;

Ей,Мухаммед **"Ендеше біл ! Аллаһтан өзге ( ғибадатқа лайықты) ешбір тәңір жоқ . Күнәң үшін ( Аллаһтан )жарылқау өтін . Және иман келтірген ерлер мен иман келтірген әйелдер үшін (күнәларының кешірілуін) өтін "**( Мухаммад сүресі , 19-шы аят )

Аллаһ жайындағы білімсіздіктен құтылудың емі – Оны ақиқат дәрежесінде тану . Егер сен оны танысаң шынайы тәубеменен өмір сүресің.

**Екінші тосқауыл:** Бидағат <sup>2</sup>

---

1. Бұл аяттағы " біл " сөзі Аллаһтың ілім іздеуді парыз ететін әмірі . Және ілімнің ең әуелі , әрі әрбір адамға білуге тиіс болғаны Аллаһтан өзге ғибадатқа лайықты ешбір тәңірдің жоқ екенін білу .

2. Бидағат-дегеніміз Құран мен сүннетте келмеген бөгде ғибадат түрлері .

Кім бір бидағат амалмен құлшылық ете бастаса , онда ол Аллаһтан алыстай бастайды.Сол бидағат өзі мен Раббысының арасына

тосқауыл болады . Бидағаттан бас тартпайынша ол тосқауыл кетпейді . Оған пайғамбарымыздың (ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына хадисі дәлел :

**"Кім Біздің әмірімізде болмаған бір жаңалықты (яғни,бөгде ғибадат түрін) келтірсе , ол нәрсе қайтарылады(қабыл болмайды)".( Сахих хадис)**

Ал Аллаһ хұзырында қабыл болатын салихалы амалдың екі шарты бар :

Бірінші шарт :Ықылас .Яғни жасаған амалың\_Жалғыз , әрі ешбір серігі болмаған Аллаһтың дидарына қауышып , ризалығына жету үшін ғана жасау керек .

Екінші шарт :Амалды Мухаммед пайғамбардың(ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүннетіне сәйкестіндіріп жасау .

Осы екі шартқа негізделмеген амал қабыл болатын салихалы амалдардың қатарына қосылмайды . Және ол амал Аллаһ хұзырына көтерілмейді . Себебі Аллаһқа тек жақсы да салихалы амалдар ғана көтеріледі . Сондықтан бидағат пенденің жасаған амалының Аллаһқа көтерілуіне тосқауыл болады . Соның салдарынан құл Аллаһтың разылығына жетуден тосылады . Өйткені бидағат құл мен Құдай арасындағы тосқауыл . Оның себебі ол құл Жаратушы Егесінің қалау -әміріменен емес , өзінің қалау әміріменен құлшылық жасауда . Хақ ғибадаттан бұрушы нәфсі қалауы Аллаһтың разылығына жетер жолдағы кедергі . Бұл кедергіге пенде Аллаһқа Оның бекіткен шариғатымен талаптанбай , ол шариғаттан бөгде амалдармен талаптануының салдарынан ұшырайды . Бидағатшы адам күнәһкәр адамнан да жаман .

**Үшінші тосқауыл** : Ішкі үлкен күнәлар .

Олардың саны да , істелуі де көп . Мысалы өзін өзгелерден артық санау , мақтаншақтық , тәкәппарлық , көре алмастық , өз-өзіне ғажаптанып баға беру , ел көзіне түсіп қалып , олардан мақтау сөзді естуге құмарту , уақытша нәрселермен алдану сияқты нәрселер . Осы ішкі жасырын күнәлар сыртқы күнәлардан да жаманырақ . Яғни зина жасау , арақ ішу, ұрлық істеу сияқты күнәлардан да жаманырақ . Егер осы жасырын күнәлар жүрекке орнығатын болса , онда олар құл мен Құдайдың арасындағы байланысқа тосқауыл болады . Себебі пенде Раббысының ризашылығына жеткізетін жолды аяғының қадамымен емес , жүрегіннің талабымен тауысады . Ал бұл ішкі жүрек күнәлары сол жолдың қарақшылары . Осыған байланысты белгілі ғалым Ибн Қайим : "Бір пендені көресің , ол салихалы амалдарға барынша ынталанып , оларды игеріп алады . Салихалы амал оған әрдайым бағынушы әскерге ұқсап қалады . Сондықтан ол пендені шариғат әмірлеріне барынша бойұсынған , дінге өте берілген күйде көресің . Сөйте тұрып ол пенде Аллаһтан өте алыста болады " Ендеше , неге бұлай болды ? Ойланып көрші . ( бұл нәрсе сыртқы дүниесі шариғат әмірлеріне бағынып түзелген , бірақ ішкі дүниесі ұмытылып үлкен күнәлармен ойран болған адамның мысалы )

## Төртінші тосқауыл :Сыртқы үлкен күнәләр .

Бұл күнәларға ұрлық , арақ ішу , ойнас жасау сияқты т.б. харам істер жатады . Осы тұста мына нәрсені білуіміз тиіс болады . Ол нәрсе қайталай беруменен кіші күнәлардың үлкен күнәға айналатыны және Аллаһтан шынайы кешірім сұрап , тәубе етуменен үлкен күнәлардың жойылатыны . Күнәні қайталау – шариғат әмірлеріне қарсы келгендік пен сол күнәға қайта оралуды шешім еткендіктің белгісін көрсетеді . Кейбір кіші күнәләр мына төмендегі алты нәрсенің себебінен үлкен күнәға айналады . Олар:

1.Әрдайым жасалынуы мен қайталанып тұруы себебінен .

Мысалға бір кісінің әйел затына көз салуы . Көздің де зинасы бар . Оның зинасы қарау . Көз зинасының күнәсі пұт зинасының күнәсінен кіші болғанымен , әрдайым қайталанып жасалынуы себебінен үлкен күнәға айналады . Себебі ол пенде харам нәрселерден көзін тиудан бас тартып , ол күнәләрды қайталап жасай беруге бекінген адам .

2. Кіші күнәлардан сескенбеу .

Мысалы темек тартатын бір адамға “Құдайдан қорық!Темекі шегу харам . Және байқасаң сенің бойыңда харам нәрселерден тежелуіңді насихат ететін белгілер пайда болуда . Яғни , жасың ұлғайып , басыңдағы шашың мен иегіңдегі сақалың ағарған . Оның үстіне онсыз да кем дүниенді кеміте түсіретін бұндай нәрсенің керегі не ?,-десең , “ Е , бұл темекінің күнәсі шошынарлықтай үлкен емес , кішігірім ,, – деп , оны кіші көріп , менсінбеушілік танытады <sup>1</sup>.

3.Күнәға қуану .

Кейде бір пенделердің жасалған күнәдан рахаттанып қуанып жүргенін көресің .Ал бұл нәрсе , яғни жасалған күнәмен қуану , ол күнәні жасағаннан да ауырырақ . Тіпті адамдар пайғамбардың(ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) **"Мұсылманды ұрысып , сөгү – пасықтық , ал оған қол көтеріп , соғысу күпірлік "**- деген сөзін ұмытып , біреудің осы сияқты күнә істерін көріп , " қалай жер –жебіріне жеткізіп сөгіп тастады а ?"-деп , немесе "қанын ағызып , өлтіріп тастағаны сауап бопты "- деген сияқты қолдау мен қуануға ұқсас сөздерін айтып жатады . Және сол сияқты бір мұсылман жас қыздың адамдардың көзіне түсу үшін атаққа құмартып , алданып адасқанына мәз-мейрам болып " қалай ғана аты шығып мәшһүр болып кетті , жап жас болып алып "-деп қуаныш сезімдерін білдіріп жатады . Ал Аллаһ Құранда былай –деп , айтқан:

**" Расында , сондай иман келтіргендердің ішінде арсыздық жайылуын жақсы көргендерге дүниеде де , ақыретте де күйзелтуші азап бар "** ( Нұр сүресі , 19-шы аят )

Шынайы көңіл бұрып мына нәрсені біл !

*Күнәмен қуануың ол күнәнің жасалуынан да ауыр.*

---

1.Бұл жерде үлкен адамға айтылған насихат алынған .Ал,расында темекі шегу үлкенге де , кішіге де тиым етілген .

4. Аллаһтың пенделерінің күнәларын жасыратынына немқұрайдылық көрсету .

Аббастың ұлы Абдуллаһ ( Аллаһ ол екеуінен де разы болсын ) былай - деп , айтты :

" Ей , күнәнің егесі ! Ертең сол күнәнің ауыр нәтижесіне жолықпай , аман қаламын – деп ойлама . Расында істеген күнәң ол күнәдан да ауыр нәрсе ілесіп жүреді . Сенің күнә жасап жатып оң жағындағы және сол жағындағы періштелерден ұялмауын жасаған күнәңнен да ауыр . Аллаһтың саған қандай жаза беретінін білместен жасаған күнәң маз – мейрам болуың , сол күнәнен да ауыр , Күнәң арқылы жеткен жетістігіңе қуануың , ол күнәңнен да ауыр , Жасай алмай қалған бір күнәң үшін өкінуің , жасамақшы болған күнәңнен да ауыр , барша нәрсені білуші Аллаһтан жүрегің үрейленбей , "істеп жатқан күнәмді елге көрсетіп қояды ма ?" – деп , есіктің пердесін қозғаған желден қорқуың кіріскен күнәңнен да ауыр."

5. Жасаған күнәні жариалау .

Бір пенде түнін күнәменен өткізеді . Аллаһ оның сол күнәсін адамдардан перделеп жасырып қояды . Бірақ әлгі пенде өз күнәсін өз тіліменен елге жариалап , Аллаһтың жапқан пердесін ашып тастайды . Тағы бір күні келіп өзінің істеген күнәсін паш етіп , не істеп , не қойғанын маз болып әңгімелеп отырады . Расында Аллаһ оның күнәсін ел көзінен перделеп жасырып қойған еді . Ол сол айыбын жауып тұрған пердені тіліменен ысырып тастап отырады . Пайғамбарымыз (ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы тұрғысында ;

**"Жариалаушылардан басқа барша үмбетім кешірімге бөленеді . Расында жариалау – дегеніміз , бір кісі түнде бір ( күнәлі ) істі жасайды , кейін таң атырады . Аллаһ оның ол күнәсін жасырып қойған еді . Ал оның болса "ей пәленше мен өткен кеште анаған ұқсас , мынаған ұқсас істерді істедім " – деп айтуы . Ол күнәсін Раббысы перделеген күйде түнді өткізген еді . Таңды атырады да , Аллаһтың оған жапқан пердесін ашып тастайды".** – деп айтқан .

6.Өзгелер үлгі тұтар басшы болу .

Бұл бір үлкен өндіріс орынының басшысы болуы мүмкін . Немесе мектептің басшысы . Әлде жоғарғы оқу орнының басшысы . Басшы болмаса да көпшілікке танымал болған мәшһүр бір адам болуы мүмкін . Кейін сол адам темекі тарта бастайды . Басшы бастаған соң , қосшылар қостап , олар да темекі шегуді бастайды . Кейін ол , адамның есін кетіріп есіртетін арақ , есірткі сияқты нәрселерге ұрынса , оны үлгі тұтып соңынан ерушілер де ізін басып қателікке жол қоюы мүмкін . Осыған ұқсас тағы бір мысал , егер бір жас бойжеткен қыз дене пошымын айшықтап көрсететін тар шалбарды киіп көшеге шықса , көпшіліктің көңілін өзіне аударып , нашар үлгіге айналады .

Егер сен де өзгелер үлгі тұтқан адамдардан болсан , онда хал-ахуалың осы күйде болуы мүмкін . Сондықтан былай- деп сөйлеуші хадиске құлақ салып , оны есте ұста .

**"Кім исламда нашар бір жолды ( істі , әдетті ) бастаса , ол нәрсенің күнәсі өзіне болады . Және ол бастаушыдан кейін сол істі жасағандардың да күнәсі соған жазылады , кейінгілердің сол істен тапқан күнәлары ешбір кемітілместен "**.( Муслим риуаят еткен)

**Бесінші тосқауыл:** Кіші күнәларды жасаушылардың тосқауылы .

Шынында кіші күнәлар үлкейеді . Өзінің егесін ақырында қасыретке душар еткен қаншама кіші күнәлар бар . Аллаһ сақтасын ондай нәтижеден !

Расында шынайы иман келтірген адам өз қылмысын үлкейтіп көреді . Яғни , жасаған күнәсі кішкене болса да үлкен күнәдай сескенеді . Себебі ол сол күнә үшін Аллаһтан қорқады . Кішкене болса да жақсы істерді жасауда менсінбеушілік танытпайтыны сияқты . Өйткені ол сол жақсы істерден Аллаһтың нығметі мен фазилетін көреді . Ол мұсылман жүрегінен күнәларды кіші көріп сескенбеушілік пен ізгі амалдарды кіші көріп менсінбеушілікке ұқсаған нәрселерден арылғанша жоғарыда айтылған екі жағдайда болады . Яғни ол екі жағдай ; күнә кіші болса да Аллаһтан қорқып , одан бас тарту және ізгі іс кіші болса да , Аллаһтан сауап үміт етіп оны жасау . Осылайша мүмін пенде күнәларды жарылқаушы , құлдарын рахметіне бөлеуші , тәубелерді қабыл етуші , өте жомарт , әрі нығметке бөлеуші Раббысына қарай бет алады . Раббысы оның тәубесін қабыл етіп , күнәлардың тосқауылынан арылтып , оған Өзінің разылығына жеткізетін жолды жеңілдетеді .

**Алтыншы тосқауыл :** Ширк . ( Аллаһқа ортақ қосу күнәсі ) .

Бұл тосқауыл ең ауыр , әрі ең күрделі тосқауыл . Бұдан тек таза таухид<sup>1</sup> арқылы ғана ажырауға болады . Ақиқатта ширк сөзінің негізгі мағынасы ; жүректің Аллаһтан өзге кез – келген нәрсеге тәуелді болып байлануы . Мейлі ол нәрсе денеге қатысты сыртқы тағат-ғибадат істерінде болса да , немесе жүрекке қатысты махаббат , қорқу , үміт ету сияқты ішкі амалдарда болса да . Осыларға ұқсас кез-келген ғибадат түрін Аллаһтан өзге нәрсеге арнап , сол нәрсеге байланып тәуелдену үлкен ширк күнәсі болып табылады . Аллаһқа ең жеккөрінішті күнә - ширк күнәсі . Аллаһ – Тағалаға ширк ( серік қосу ) пен мушриктерден ( серік қосушылар ) өткен жаман нәрсе жоқ . Ширк күнәсінің түрі көп . Соның ішінде ең қатерлісі – жасырын ширк . Ол жайында Аллаһ Құранда былай – деген :

**"Және қиамет күні оларды түгел жинаймыз . Кейін серік қосушыларға "Сендердің ( Аллаһқа ) серік етіп алушы ортақтарың қайда ?"-деп , айтамыз . Кейін олардың бар берер жауабы "Раббымыз Аллаһқа ант етеміз , біз серік қосушылардан болмадық"-деген сылтау ғана болады .Қара!. Олар қалай өздеріне ( қасірет болып қайтатын ) өтірікті айтты. Және сөйтіп олардың қосқан ортақтары жоқ болды ( яғни , Аллаһқа серік етіп қосқан ортақтарының ешбірі оларға жәрдем етпеді )" (Анғам:22-24.)**

Ей, мұсылман бауырым ! Иманыңды ширк күнәсінен тазалап , барша ғибадат-құлшылығыңды жалғыз ғана Аллаһтың разылығы үшін орындауға әрекет ет . Аллаһтан ширк күнәсінен аман болуды сұра . Және Раббыңа мына дұғаменен сиын :

**" Иа, Аллаһ ! Расында мен білетін бір нәрсені Саған серік етіп қоюымнан сақтай көр – деп Өзіне сиынамын және білмеген нәрсем үшін Өзіңнен кешірім өтінемін " . ( хадистен )**

---

1.Таухид – барша ғибадат-құлшылық түрін бір ғана Аллаһқа арнау .

Осылайша пенде барынша сиынуменен , таза ықыласпенен , Аллаһтан ғана пана іздеуменен ширк тосқауылынан құтылады .

**Жетінші тосқауыл:** Фазилет пен байлық иелерінің шарифат рұқсат еткен нәрселерде шектен шығулары .

Біреудің іші Аллаһ пен өзінің арасындағы байланысқа тосқауыл болуы мүмкін . Расында халал нәрселерден ішіп-жеу шарифат рұқсат еткен істерден . Бірақ пайғамбарымыз ( Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын ) былай-деп , айтқан :

**"Адам баласы қарыннан да жаманырақ ыдысты толтырмады"** ( Яғни, толтырған ыдыстарының ішіндегі ең жаманы өзінің қарыны )

Егер адамның асқазаны толса пікірі ұйықтап , дене мүшелері тағат-ғибадаттан тосылады . Сол сияқты рұқсат етілген заттар ішінен киетін киім де Аллаһпен болатын байланысқа тосқауыл болуы мүмкін . Біреу киген киімімен елге көрінуді сүйеді . Ал пайғамбарымыз ( ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай – деген:

**"Динардың<sup>1</sup> құлы , дирхамның<sup>2</sup> құлы , және киімнің құлы бақытсыз болды"**(Бухари риуаят еткен)

Яғни хадистен көріп тұрғанымыздай , олар дүниенің фәни заттарын ақыреттің бақи заттарынан артық қоюлары себепті тиын-тебен , киім-кешек сияқты өздерінің сүйген заттарының құлы –деп аталынған . Осы нәрсе оларға Раббыларының разылығына жетуге тосқауыл болады . Сол киімнің құлы болғандардың біріне "пайғамбарымыз( ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) : **"Шалбардың (балағының) тобықтан төмен болғаны тозақта "**- деп айтқан . Шалбарыңның балағын тобықтан төмен түсіріп , жерге сүйретпей жоғары көтеріп қысқарт "-десең , "мен қысқа етіп кигенге ұяламын . Және не үшін олай істеуім керек ? . Қалай күнделікті ішіп , жерімді табам –деп , ондай нәрселерді ойлауға уақытымның жоқ екенін көрмейсің бе ?" – деп , әркім әртүрлі сылтауын айта салады . Бұл айтылғандардан мақсат ,расында әдет – ғұрыптар , рұқсат етілген нәрселерде шектен шығушылық , өзіне жетерлік нәрселерді қанағат етпеу , аш көздікпенен артықшаға ұмтылу сияқты істер құл мен Құдайдың арасына тосқауыл болады .

Ұйқының көптігі де тосқауыл . Ұйықтау рұқсат етілген істерден . Бірақ түнгі таһажжуд намазына тұрмастан , тіпті таң намазының уақыты өткенше ұйықтау зиянға ұшыратады . Міне осы сияқты парыз ғибадаттардан қалдыратын ұйқы Аллаһтың разылығына жетер жолдағы кедергі . Осыларға ұқсас пенде жүрегінің әйелімен төсек қатынасында болуға артықша құмартуы , мубах<sup>3</sup> істерге көп көңіл бөлуі , тағат – ғибадаттардан гөрі , осындай рұқсат етілген істермен көбірек шұғылданып , уақытын өткізуі адам мен Аллаһ арасындағы тосқауылға айналады .

Аллаһ Тағала біздерді Оның разылығына жетуден тосатын осындай тосқауылдардан сақтасын !

---

1,2. Сол уақыттардағы ақша өлшем бірліктері .

3. Істелу ,істелмеуінен не күнә ,не сауап жоқ істер .

**Сегізінші тосқауыл:** Аллаһтан ғапыл болғандардың тосқауылы .

Адам өзінің Раббысымен болған байланысын үзіп , Оны ұмыта бастаған сәттерде , ғапылдық оның жүрегіне үкімін жүргізе бастайды . Соның салдарынан пенде нәпсісіне еріп , шайтанды дос тұтады . Аллаһ Өзінің Кітәбі Құранда былай-деп , бұйырады :

**" Және Біз жүрегін Бізді еске алудан ғапыл етіп қойған , нәпсісінің қалауына ерген және ісі шектен шыққандарға бағынба "**  
(Кәһф:28)

Ал бұл ғапылдық тосқауылынан құтылу үшін , жүрекке мына үш нұрды орнатуға қам жасау керек .

*Бірінші нұр:* Аллаһ Тағаланың берген нығметтерін іштей де , сырттай да сезіну , тану . Жүрек Аллаһқа - деген махаббатпен бөленгенше осы талпыныста болу . Расында жүрек өзіне жақсылық жасаушыны сүйуге бейім болып жаратылған .

*Екінші нұр:* Өзінің жасап қойған қылмыстары мен күнәларын естеу , оларға ой жүгірту . Осы нәрсе арқылы адам өзінің бейшара хәлін сезініп , өзін - өзі дүние – ақыреттің жамандығына сүйреп жүргенін біледі . Және сонда өзінің әлсіздігі мен кемшілігінің көптігін байқайды . Әрі Жаратушы Раббысын ұлы да , кәміл сипаттарымен тани түседі . Аллаһқа мұқтаждығын сезініп , Оған жалбарына бас иіп , әміріне бойұсынады . Оның берген нығметі мен кеңшілігі үшін шүкірлік етуге және Оның разылығына жету мақсатында тағат – ғибадаттарды жасауға асығады .

*Үшінші нұр :* Өткен күндерінде жеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктеріне көңіл бұру . Адамның өмірі - ақыретке қам жасау үшін берілген уақыт . Ендігі қалған ғұмырында барлық күш - жігерін өткен өмірінде кеткен кемістіктер мен олқылықтардың орынын толтыруға жұмсау . Сонда бақылаушы , әрі байқампаз болған болып , жүрегі сол істермен мазасызданады . Соның әсерінен өз бойынан ұйқыға шомған жүрегін оятушы сергектікті табады . Және кемшіліктен пәк болған Раббысы Аллаһ Тағалаға әрдайым итағатта болады . Осы үш нұр орнықса жүрекке Аллаһтың нұры түсіп , ғапылдықтың тосқауылы кетіріледі .

**Тоғызыншы тосқауыл:** Жаман әдеттер мен соқыр еліктеушілік тосқауылы .

Расында кейбір адамдар Аллаһтың емес әдеттің құлына айналған . Мысалы темекіні шегетіндердің біріне "Неге темекіні шегесің ? "-десең , "маған бір жаман әдет пайда болды . Бұл темекіге құмартушы да емеспін . Оған мұқтаждығым да жоқ . Бірақ ашуға булыққан уақыттарымда біреуін тұтандырып жіберсем , біраз мезгілден кейін ашуымның тарап , жанымның тынышталғанын сезінемін " – дейді . Міне , осылайша жаман әдеттің кесірінен темекінің құлына айналған . Осынысы өзі мен Аллаһтың арасына тосқауыл болады . Сондықтан Аллаһтың разылығына жету жолдарының әуелі – жаман әдеттерге әуес болмай , олардан арылу . Аллаһтың дидарына қауышуды қалаған адамға Одан өзге нәрсеге құлшылық етіп , соның жетегіне түсіп кетуден сақ болуы керек .

Шейхул ислам Ибн Таймия өз сөзінде :

"Кісі тағат - ғибадат тұрғысында Аллаһтан өзге нәрсеге болған тәуелділіктен толық ажырамайынша , жасаған құлшылықтары дұрыс болмайды

"-деген .Аллаһтың қабылдауы мен сүйіспеншілігіне жету үшін , өзге нәрселерге болған тәуелділіктен толық ажырап , Оған қарай таза жүрек , шынайы ықыласпен қадам басу керек .

**Оныншы тосқауыл** :Мақсат еткен жолдарынан бұрылып кеткен ыждаһаттылардың тосқауылы .

Бұл тосқауыл тағат-ғибадаттарды ләзім тұтып орындаған , бірақ істеген амалдарына баға беріп , өз нәпсілеріне ғажаптанушы пенделер . Өз-өзіне ғажаптанып , баға беріп жасаған амалы - Раббысының разылығына жетуіне тосқауыл болады . Негізінде жасалған амалға тоқмейілсініп ғажаптанудан алыс болу керек . Пендеге Аллаһтың берген нығметін тану мен өзінің , әрі амалының кемшілігін көрудің арасында болу керек . Сол амалды Аллаһтың жәрдемі мен тауипқының арқасында орындағанын және ол нәрсе Аллаһтың оған берген игілігі мен кеңшілігі екенін білуі керек .Және керісінше "неге керек етілген дәрежеде орындамадым "- деп , амалына зерттеу жүргізгені дұрыс.Амалымды Аллаһ хұзырында қабыл болуына кедергі болатын апатты кемшіліктер лаптап қоймады ма екен ?-деп , қорқу керек . Міне осылай болғанда ғана пенде Раббысының разылығына қарай бағытталған жүрісінде ыждаһатты болады . Олай болмаса өзінің жасаған аз амалына риза болып , жүрегі ғажаптанумен байланып , жүрісінен жаңылады .Және осы сияқты істеген амалына риза болып , ғажаптану пендені Раббысын ойлаудан әурелеп қояды . Ал бұл нәрсе тосқауыл болады .Себебі , құлдың жасаған амалдарынан тоқмейілсіп риза болуы , өзі жайында артықша жақсы ойда болуын білдіреді . Ал ақиқи ғибадат жайында хабары мардымсыз екенін көрсетеді . Сонымен қатар бұл нәрсе Раббысының қандай ғибадаттарға лайықты екенінен , әрі Оған қалайша ғибадат жасау керектігінен білімінің жоқтығының көрсеткіші болады . Адамның аз амалға мәз болып , өз-өзіне ғажаптануы өз нәпсісін , оның жаратылыс сипатын , қателік - кемшілігін танымаудан және жасаған амалдарының айыптарын ескермеуден туындайды . Және бұл оның Раббысы мен Оның хақысы жайында танымының саяздығы . Міне , сыртқы үлкен күнәлардан да жаманырақ болған өз-өзіне ғажаптану мен тәкәппарлық сияқты күнәлар осындай кемшіліктерден бастау алады . Жасаған амалға риза болып тоқмейілсу-ақылдың кемістігі мен сананың төмендігі . Және мына сөзді айтушы адам қалай дәл тапқан :

" Сен қашан өзің мен Аллаһ үшін жасаған амалыңнан риза болсаң , онда біл , расында Аллаһ ол амалыңнан риза емес . Кім өз нәпсісінің барша жамандық пен кемшіліктің ордасы екенін және амалы барша нұқсан мен апаттардың көздеген нысанасы екенін білсе , онда қалайша ол Аллаһ үшін өз нәпсісі мен амалынан риза бола алады ?!"

Ақылыңды ақиқатқа бұрып бүтін ,  
Тани түссең Раббыңның ұлықтығын ,  
Анық болып өзіңнің әлсіздігің ,  
Білер едің нәпсіңнің бұзықтығын .

Иә , Раббыңның ұлықтығын тани түссең сенің Оның разылығы үшін жұмсаған бүкіл күш-қуатыңның құны түкке татығысыз екенін білесің .Және жан -жағыңа пікір көзімен қарап , Аллаһтың жаратушылық құдіретіне куәгер болып , барша ғибадат - құлшылыққа Оның ғана лайықты екенін білген сайын - Ол Раббың туралы танымың арта түседі .Сонда өзіңді де



тани түсесің . " Ие болып отырмын " - деген , қолыңдағы нығмет пен байлықтардың мөлшеріне көз жеткізесің . Әрі "бір нәрсеге иемін" –деп айтуға ұялар едің . Сол кезде азғантай амалыңа риза болу тұрмақ , Раббыңның алдына бүкіл адамдар мен жындардың жасаған амалдарыменен барсаң да , нәтижеде ешбір нығметке жете алмай қалудан қорқар едің . Расында Аллаһ құлдарының жасаған амалын Өзінің кеңшілігімен , жомарттығымен қабылдайды . Және ол амалдарға сауап пен сыйлықтарды да Өзінің кеңшілігімен , жомарттығымен береді . Осы тұста " барша күш-қуат менде " –дегеннен алыстап , барша күш-қуат Аллаһтан екенін түсінеді . Және бұл оныншы тосқауылдан құтылады .

Осы жоғарыда айтылып өткен тосқауылдардың бірі екіншісінен де қиынырақ . Көрдің бе ей, Аллаһтың пендесі ?!. Сені Раббыңнан қаншама кедергілер алыстатып тұрғанын . Онда Аллаһ үшін айтшы , осы тосқауылдардан қалай құтылуға болады ? . Сен олардан құтылғың келсе , Аллаһқа келтірген иманыңда шынайы бол . Себебі ол тосқауылдардан Аллаһтан өзге ешкім құтқара алмайды .

Бұл тұрғысында имам Ибн Қайим :

"Осы пенденің жүрегі мен Аллаһ Тағаланың арасындағы он тосқауыл , сол пенденің Аллаһтың разылығына жету жолындағы жүрісіне көп кедергісін тигізеді . Және осы он тосқауыл төрт нәрседен бастау алады . Ол нәрселер ; жамандыққа бұйырушы нәпсі , шайтан малғұн , фәни дүние және көңіл қалауы . Осы төрт нәрсенің біреуі жүрекке орнығатын болса , тосқауылдардан ажырау мүмкін емес . Сондықтан , өзің мен Раббыңның арасындағы тосқауылдардан құтылғың келсе , саған осы төрт жамандықтың бастауларынан барынша алыстау тиіс болады " .

Құдіреті күшті Аллаһтан біздерді ықыласты сөздер мен істерге лайықты етуін , әрі жасаған тағат-ғибадаттарымызды қабыл етуін сұранамыз . Және Аллаһ Тағала пайғамбарымыз Мухаммедке , оның әулеті мен сахабаларына игілігі мен сәлемін жолдасын !

